Факультеттің әдістемелік бағыты мен миссиясы
Негізгі жетістіктерге шолу

Әлем тілдері факультеті

Стратегиялық мақсат - халықаралық талаптарға сай, көптілді білім беру мен ғылыми зерттеулерді интеграциялау арқылы бәсекеге қабілетті мамандар даярлайтын инновациялық факультет қалыптастыру.

Академиялық құрылым және профессор- оқытушылар құрамы/ ББББ

Кафедра	2023/2024	2024/2025	2025/2026
Шетел тілдері	31	38	38
Практикалық ағылшын тілі	45	38	39
Шығыс филологиясы және аударма	31	20	20
Қытай тілі және қытайтану	-	5	8

Кафедра	ББББ	ББББ координаторы
Шығыс филологиясы және аударма	6B02302 Аударма ісі 6B01707 Ұйғыр тілі және әдебиеті-ағылшын тілі 6B01718 Шығыс және ағылшын тілдерінің мұғалімі 7M02302 Аударма ісі	Шенгелбаева Нұржамал Рақымжановна Масимова Халминям Вальеткызы Абуова Ақжарқын Тілешовна Жумабекова Айгуль Казкеновна
Шетел тілдері	6B01724 Шетел тілдері (IP) 6B01719 Ағылшын тілі (IP) 6B02312 Батыс филологиясы (ағылшын тілі) 7M02312 Батыс филологиясы (ағылшын тілі) 7M01703 Шетел тілі: екі шетел тілі 8D01703 Шетел тілі: екі шетел тілі	Дәуренбек Сәуле Балтабайқызы Иватов Серик Кудайбергенович Беркинбаева Гульназ Онгарбековна Ешимбетова Забира Бердибековна Курмамбаева Жулдыз Балтабековна Шаяхметова Дана Бексултановна
Қытай тілі және қытайтану	6B01723 Қытай тілі мұғалімі	Раева Арайлим Нурахметовна

ПОҚ ғылыми дәрежесі/ Рейтинг

Шығыс филологиясы және аударма

Ғылыми дәрежесі бар ПОҚ үлесі

Оқу жылы	Ғылыми дәрежесі бар ПОҚ (%)
2023–2024	45 %
2024–2025	48 %
2025–2026	51 %

6B02302 – «Аударма ісі» білім беру бағдарламасының нәтижелілігі
«Атамекен» ҰКП рейтингі бойынша

Оқу жылы	Рейтингтегі орны
2022–2023	27 / 28
2023–2024	9 / 29
2024–2025	6 / 32
2025–2026	5 / 32

HAAP (IAAR) рейтингі бойынша позициясы

Оқу жылы	Рейтингтегі орны
2024–2025	4

Шетел тілдері кафедрасы

Ғылыми дәрежесі бар ПОҚ үлесі

Оқу жылы	Ғылыми дәрежесі бар ПОҚ (%)
2023–2024	24 %
2024–2025	37,5 %
2025–2026	50 %

6B01703 « Шетел тілі: екі шетел тілі » бағдарламасының нәтижелілігі
«Атамекен» ҰКП рейтингі бойынша

Оқу жылы	Рейтингтегі орны
2022–2023	18 / 39
2023–2024	17 / 37
2024–2025	8 / 41
2025–2026	9 / 38

HAAP (IAAR) рейтингі бойынша позициясы

ББ	2023	2024	2025
6B01703 Шетел тілі: екі шетел тілі	4	3	3
7M01703 Шетел тілі: екі шетел тілі	2	4	3

Практикалық ағылшын тілі

Ғылыми дәрежесі бар ПОҚ үлесі

Оқу жылы	Ғылыми дәрежесі бар ПОҚ (%)
2023–2024	20 %
2024–2025	27 %
2025–2026	17 %

Қытай тілі және қытайтану

Ғылыми дәрежесі бар ПОҚ үлесі

Оқу жылы	Ғылыми дәрежесі бар ПОҚ (%)
2024–2025	33 %
2025–2026	25 %

Бағдарламалық аккредиттеу / ПОҚ біліктілігін арттыру

6B01703 Шетел тілі: екі шетел тілі 21.12.21 - 20.12.26
7M01703 Шетел тілі: екі шетел тілі 21.12.21 - 20.12.26
6B01719 – Ағылшын тілі (IP) 16.05.2025 – 15.05.2030
6B02312 – Батыс филологиясы (ағылшын тілі) 16.05.2025 – 15.05.2030


INDEPENDENT KAZAKHSTANI CENTER OF ACCREDITATION

CERTIFICATE
of
International Specialized Accreditation

This is to certify that the study program

6B01719 - English (IP)

of

«Abai Kazakh National Pedagogical University»
Non-Profit Joint-Stock Company

has been accredited for 5 years

Validity period: 16.05.2025 - 15.05.2030
Registration number: HE-SA №00476
Date of issue: 16.05.2025
Director B. Khalmuratov
Astana 2025


INDEPENDENT KAZAKHSTANI CENTER OF ACCREDITATION

CERTIFICATE
of
International Specialized Accreditation

This is to certify that the study program

6B02312 - Western philology (English language)

of

«Abai Kazakh National Pedagogical University»
Non-Profit Joint-Stock Company

has been accredited for 5 years

Validity period: 16.05.2025 - 15.05.2030
Registration number: HE-SA №00477
Date of issue: 16.05.2025
Director B. Khalmuratov
Astana 2025


KAZSEE
АККРЕДИТЕТТЕУ СЕРТИФИКАТЫ
ACCREDITATION CERTIFICATE
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ABAI KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY
БАКАЛАВРИАТ / BACHELOR
6B01703
ШЕТЕЛ ТІЛІ: ЕКІ ШЕТЕЛ ТІЛІ
FOREIGN LANGUAGE: TWO FOREIGN LANGUAGES
Білім беру бағдарламасы Қазақстанның Заманауи (Элиталық) Білім Ассоциациясы KAZSEEда аккредителеді
Educational programm accredited by Kazakhstan Association for Modern (Elite) Education KAZSEE
Сертификаттың жарамдылық мерзімі
Certificate is valid
21.12.2021 - 20.12.2026
Президент / President
ӘБДҚАПАРОВ Ә.
ABZHAPPAROV A.
№ 2021 КЕ 0407


KAZSEE
АККРЕДИТЕТТЕУ СЕРТИФИКАТЫ
ACCREDITATION CERTIFICATE
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ABAI KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY
МАГИСТРАТУРА / MASTER
7M01703
ШЕТЕЛ ТІЛІ: ЕКІ ШЕТЕЛ ТІЛІ
FOREIGN LANGUAGE: TWO FOREIGN LANGUAGES
Білім беру бағдарламасы Қазақстанның Заманауи (Элиталық) Білім Ассоциациясы KAZSEEда аккредителеді
Educational programm accredited by Kazakhstan Association for Modern (Elite) Education KAZSEE
Сертификаттың жарамдылық мерзімі
Certificate is valid
21.12.2021 - 20.12.2026
Президент / President
ӘБДҚАПАРОВ Ә.
ABZHAPPAROV A.
№ 2021 КЕ 0411

6B02302 Аударма ісі 14.12.2022 – 13.12.2027
7M02302 Аударма ісі 14.12.2022 – 13.12.2027


IAAR
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АККРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ
КУӘЛІК
CERTIFICATE
«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
6B02302 Аударма ісі
білім беру бағдарламасы 5 жыл мерзімге мамандандырылған аккредиттеуден өтетіні растайды
This is to certify that the program
6B02302 Translation Studies
of
NON-PROFIT JOINT STOCK COMPANY «ABAI KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY»
has been accredited for 5 years
Бас директор
General Director
A. Zhumagulova
enqa
eqar


IAAR
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АККРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ
КУӘЛІК
CERTIFICATE
«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
7M02302 Аударма ісі
білім беру бағдарламасы 5 жыл мерзімге мамандандырылған аккредиттеуден өтетіні растайды
This is to certify that the program
7M02302 Translation Studies
of
NON-PROFIT JOINT STOCK COMPANY «ABAI KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY»
has been accredited for 5 years
Бас директор
General Director
A. Zhumagulova
enqa
eqar

Оқытушылар IELTS, TOEFL, TKT, TESOL, пәндік және біліктілікті арттыру сертификаттарын, сондай-ақ Coursera платформасындағы сертификаттарды жүйелі түрде иеленіп, кәсіби құзыреттіліктерін тұрақты түрде дамытып келеді.
2026 жылдың қаңтар айында Coursera платформасындағы біліктілікті арттыру курстарын 37 оқытушы сәтті аяқтап, тиісті сертификаттарға ие болды.

Білім алушылар контингенті/ Түлектердің жұмыспен қамтылуы

Жалпы – 2396

	Курс/студент саны	Грант	Ақылы
Бакалавриат 2265	1 курс - 755	246	509
	2 курс - 675	154	521
	3 курс - 495	152	343
	4 курс - 340	133	207
Магистратура 109	1 курс - 63	20	43
	2 курс - 46	40	6
Докторантура 22	1 курс - 11	11	-
	2 курс - 9	9	-
	3 курс - 2	2	-


Шығыс филологиясы және аударма

Көрсеткіш	2022–2023	2023–2024	2024–2025
Жұмыспен қамтылған түлектер (%)	78 %	82 %	85 %
Магистратураға түскендер	6	8	10
Жеке кәсіпкерлік / фриланс	4	6	8
Мамандығы бойынша жұмысқа орналасқандар (%)	65 %	70 %	75 %

Шетел тілдері

Көрсеткіш	2022–2023	2023–2024	2024–2025
Жұмыспен қамтылған түлектер (%)	93,13 %	94 %	88 %
Магистратураға түскендер	9	49	17
Жеке кәсіпкерлік / фриланс	21	15	40
Мамандығы бойынша жұмысқа орналасқандар (%)	83,13 %	84 %	78 %

Ғылыми-зерттеу қызметі



Скопус немесе WOS базасында жарық көрген мақалалар – 11

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғарғы білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізіміндегі журналдарда соңғы 5 жылда жарық көрген ғылыми мақалалар саны – 36

Монография, оқу құралы, оқу-әдістемелік құралдары – 1

Ғылыми жобалардың жалпы санынан белсенді халықаралық ғылыми жобалар мен бағдарламалардың үлесі – 7

Скопус немесе WOS базасында жарық көрген мақалалар – 26

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғарғы білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізіміндегі журналдарда соңғы 5 жылда жарық көрген ғылыми мақалалар саны – 40

Монография, оқу құралы, оқу-әдістемелік құралдары – 5

Ғылыми жобалардың жалпы санынан белсенді халықаралық ғылыми жобалар мен бағдарламалардың үлесі – 6

Скопус немесе WOS базасында жарық көрген мақалалар – 28

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғарғы білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізіміндегі журналдарда соңғы 5 жылда жарық көрген ғылыми мақалалар саны – 51

Монография, оқу құралы, оқу-әдістемелік құралдары – 12

Ғылыми жобалардың жалпы санынан белсенді халықаралық ғылыми жобалар мен бағдарламалардың үлесі – 12

Авторлық құқық куәліктері/ Коммерциаландыру










1. Дегтярева Ксения Сергеевна, Кемелбекова Зада Абылбековна – CLIL оқытушыларының ағылшын тілі бойынша тілдік құзіреттерін жетілдіру (B2-C1 деңгейі)
2. Дегтярева Ксения Сергеевна, Есенаман Сауле Ержановна – CLIL-ді оқытудың интегративтік тәсілі: теория және тіл тәжірибесі
3. Кемелбекова Зада Абылбековна, Аяпова Таңат Тәңірбердіқызы – Орта білім беру педагогтері үшін «CLIL Excellence: оқытушылардың кәсіби дамуының кешенді тәсілі» тақырыбындағы білім беру бағдарламасы
4. Алиханқызы Гулия – Базалық шет тілі: Қытай тілін оқыту әдістемесі Оқу құралы
5. Жумабекова Айгуль Казкеновна, Шенгелбаева Нуржамал Рахымжановна, Куркимбаева Айжан Муратовна, Оспанова Анар Лесбаевна, Мухитов Арупжан Зуматович – Аударма сапасын бағалау: оқыту саласы
6. Оспанов Едилбай Тулебаевич – Академиялық жазылым

7-31.04.2024 - «CLIL Excellence: оқытушылардың кәсіби дамуына кешенді көзқарас» (144 сағат)
Аяпова Т.Т., Кемелбекова З.А., Сейдалиева Г.О., Дегтярева К.С., Исмаилова Д.Б., Серікбай М.М.
26 тыңдаушы (Термез мемлекеттік университеті, Өзбекстан)
Коммерциаландыру: **1 287 360 KZT**


25.03.- 4.04.25 - Совершенствование метапредметных компетенций учителей английского языка (80 сағат)
Кемелбекова З.А., Дегтярева К.С., Есенаман С.Е.
Коммерциаландыру: **1 000 000 KZT**

Халықаралық ынтымақтастық

Студенттер академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде Қытай, Түркия, Оңтүстік Корея, Словакия, Польша, Литва және Италия мемлекеттерінде білім алды.



Әлем тілдері факультетінде білім алатын шетелдік студенттер



Халықаралық ынтымақтастық

- 2025 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Чжэцзян шет тілдер университеті Юэсю (Zhejiang Yuexiu University of Foreign Languages) арасындағы халықаралық ынтымақтастық туралы келісімшарт жаңартылды.
- 2025 жылдың 13 - 26 қазан аралығында Қытай тілі және Қытайтану кафедрасының оқытушылары ұйымдастыруымен Цзянси ғылым және технология педагогикалық университетімен бірлесіп «Жасанды интеллект (AI) және жаңа технологиялар» атты халықаралық онлайн курс өткізілді.
- 2025–2026 оқу жылында Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы шетелдік маманмен толықтырылды. Кафедраға Корея Республикасынан Ли Со Хен, PhD, доктор, корей тілі бойынша оқытушы шақырылды.
- Корея Республикасынан келген волонтер-оқытушы Пак Су Бин корей тілі пәні бойынша сабақ жүргізуде.
- 2025 жылдың 11 қарашасында Әлем тілдері факультетіне ресми сапармен Оңтүстік Корея Республикасының делегациясы келді. Делегация құрамында Сеул қаласының Чуннан муниципалдық округі кеңесінің (Seoul Jungnang District Council) депутаттары, сондай-ақ Корея Республикасының білім беру және мемлекеттік басқару салаларының өкілдері болды.
- 2025 жылы Цзянси ғылым және технология педагогикалық университетімен бірлескен қос дипломды білім беру бағдарламасын іске асыру жұмыстары басталды.
- Практикалық ағылшын тілі кафедрасының оқытушылары М.Б.Тулегенова, А.С.Набидуллин 2024 жылдың 21-23 наурыз аралығында Мичиган Мемлекеттік Университетінің атынан АҚШ, Флорида, Тампа қаласында TESOL халықаралық конференциясына, 10-14 маусым аралығында Лос-Анджелес қаласында конференцияға қатысты.
- 2025 жылғы 20 қарашада Корея Республикасының Білім және ғылым министрлігіне қарасты Халықаралық білім беру ұлттық институтының (NIIED - National Institute for International Education) делегациясы ресми сапармен келді. Сапар 2021 жылы екі тарап арасында қол қойылған Меморандум аясында жүзеге асырылды.
- Түркияның Фырат университетімен Абай атындағы Қаз ҰПУ арасында түрік тілі оқытушылары мен студенттері үшін 24 сағаттық тіл курсы мен TOMER (IELTS баламасы) емтиханын өткізу бойынша келісімшартқа қол қойылды.
- 14.10.2025 ж. Ислам әлемінің білім, ғылым және мәдениет ұйымының (ISESCO), Марокко еліндегі Араб тілі орталығының сарапшысы, доктор Анас Саедпен кездесу ұйымдастырды. Пікір алмасу барысында Доктор Анас Саед электронды оқу-құралдарды ұсынды және университетпен білім беру және ғылыми салада өзара ынтымақтастық жасауға дайын екенін білдірді.
- Ғылым онкүндігі аясында 2025 жылғы 11 сәуірде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Шығыс филологиясы және аударма кафедрасы Алматы тостмастерлер клубының негізін қалаушы Том Барткоскемен (АҚШ) кездесу ұйымдастырып, ол «Көпшілік алдында сөйлеу және қостілділік» тақырыбында онлайн дәріс оқыды.
- 2025 жылғы 4 желтоқсанда Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының «Аударма ісі» мамандығы студенттері мен магистранттарына Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономика университетінің аға оқытушысы, ғылыми қызметкері Григорян Армине Эдуардовна «Кәсіби идиомалардың коммуникациядағы рөлі және оларды аудару» тақырыбында онлайн дәріс оқып, ол қатысушылардың үлкен қызығушылығын тудырды.

Қоғамдық іс-шаралар, студенттерді тарту, оның ішінде университеттің «үшінші миссиясы» шеңберінде



«Jetil» студенттік өзін-өзі басқару ұйымы – студенттердің қоғамдық ортаға бейімделуіне, студенттік өмірдің алғышарттарын үйренуге көмектесетін ұйым болса, «Alau» ансамблі – ұлттық мәдени мұраны насихаттап, инклюзиялық студентті қоғамнан алшақтамуға көмегін тигізіп жатыр. «Laula» би тобы, «Jasyryn» студенттік театры – өзіндік қойылымдарымен әлеуметтік мәселелерді көтеруде. «Мырзабаевтар» комедиясын сахналау арқылы достық, орта, отбасы құндылықтарын насихаттап келеді. «Discussion club», «Speakspace.Abai» - студент пен қоғам арасындағы диалог арқылы коммуникативтік мәдениетті қалыптастырады.

Бұл ұйымдар қоғамға ашық, әлеуметтік мәселелерге бейжай қарамайтын, рухани-мәдени көшбасшы рөлін нығайтады.

Факультетте әлеуметтік осал топқа жататын 3 студенттің оқу ақысы демеушілік көмек арқылы төленді. Студенттік ұйымдар шығармашылық және коммерциялық бағытты қатар дамытып, «Jasyryn» театрының «Мырзабаевтар» қойылымы 500 көрермен жинап, түскен қаражат ұйым қажеттіліктеріне жұмсалды. Мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдау бағытында «Alau» ансамблінің мүшесі Шади Шыңғыс шығармашылық және спорттық жетістіктер көрсетуде. Сонымен қатар, «American Space and MakerSpace Almaty» ұйымымен меморандум жасау арқылы студенттердің жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыру жоспарлануда.

Стратегиялық мақсат - халықаралық талаптарға сай, көптілді білім беру мен ғылыми зерттеулерді интеграциялау арқылы бәсекеге қабілетті мамандар даярлайтын инновациялық факультет қалыптастыру.

1. Білім беру сапасын арттыру

Міндеттері:

Қос дипломды және бірлескен халықаралық білім беру бағдарламаларын кеңейту.

Minor, көптілді және ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларын дамыту.

Оқу үдерісіне цифрлық және инновациялық технологияларды жүйелі енгізу.

Синхронды аударма зертханасы мен тілдік инфрақұрылымды жаңғырту.

Күтілетін нәтиже:

Халықаралық бағдарламалар санының едәуір өсуі.

Білім алушылардың тілдік және кәсіби құзыреттілігінің артуы.

Білім беру бағдарламаларының ұлттық және халықаралық рейтингтерде көтерілуі.

2. Ғылыми-зерттеу әлеуетін күшейту

Міндеттері:

Халықаралық және республикалық ғылыми жобаларға қатысуды ұлғайту.

Scopus, Web of Science және ұсынылған журналдардағы жарияланымдарды көбейту.

Жас ғалымдарды ғылыми жобаларға жүйелі тарту.

Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру механизмдерін енгізу.

Күтілетін нәтиже:

Ғылыми жарияланымдар санының тұрақты өсуі.

Гранттық қаржыландыру көлемінің артуы.

Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар үлесінің көбеюі.

3. Халықаралықтандыруды дамыту

Міндеттері:

Шетелдік университеттермен стратегиялық серіктестікті кеңейту.

Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын ұлғайту (студенттер мен ПОҚ).

Шетелдік профессорлар мен сарапшыларды тұрақты тарту.

Шетелдік студенттер контингентін арттыру.

Күтілетін нәтиже:

Факультеттің халықаралық танымалдығының өсуі.

Бірлескен білім беру және ғылыми жобалардың көбеюі.

4. Кадрлық әлеуетті дамыту

Міндеттері:

Оқытушылардың біліктілігін арттыру және халықаралық тағылымдамаларды көбейту.

Жас мамандарды ғылымға және оқытушылық қызметке тарту.

Халықаралық сертификаттары бар оқытушылар үлесін арттыру.

Күтілетін нәтиже:

Жоғары білікті, зерттеуші-оқытушылар құрамының қалыптасуы.

Кадр тұрақтылығының артуы.

5. Материалдық-техникалық және цифрлық инфрақұрылымды жаңарту

Міндеттері:

Оқу зертханаларын, тілдік кабинеттерді және IT-инфрақұрылымды жаңғырту.

Цифрлық білім беру платформаларын енгізу және дамыту.

Қаржыландырудың баламалы көздерін тарту.

Күтілетін нәтиже:

Заманауи білім беру ортасының қалыптасуы.

Оқу үдерісінің тиімділігі мен қолжетімділігінің артуы.

SWOT-талдау

Күшті жақтары

Көптілді білім беру жүйесі мен шығыс тілдері, аударма, шетел тілдері бағыттарының интеграциясы.

Ағылшын тілін меңгерген кәсіби профессор-оқытушылар құрамының болуы және халықаралық тілдік сертификаттарға ие мамандар санының артуы.

Академиялық ұтқырлықтың дамуы, шетелдік студенттер мен оқытушылардың қатысуы, халықаралық дәрістер мен семинарлардың ұйымдастырылуы.

Білім алушылардың тілдік құзыреттілігінің жоғары деңгейі, ғылыми-мәдени белсенділігі және тұрақты контингенттің сақталуы.

Minor бағдарламаларының іске асуы, инновациялық технологиялардың қолданылуы, «Күміс университет» сияқты жобаларға қатысу.

Жұмыс берушілермен байланыс пен практика базаларының болуы, білім беру бағдарламалары рейтингінің жақсаруы.

Әлсіз жақтары

Қос дипломды және халықаралық бірлескен білім беру бағдарламаларының жеткіліксіздігі.

Халықаралық және ұлттық ғылыми жобалар санының аздығы, ғылыми жарияланымдардың біркелкі болмауы, ғылыми дәрежесі бар оқытушылар үлесінің төмендігі.

Материалдық-техникалық база мен оқу инфрақұрылымының ескіруі, синхронды аударма және тілдік зертхана мүмкіндіктерінің толық дамымауы.

Магистратура контингентінің аздығы және түлектерді жұмыспен қамтудың тұрақсыздығы.

Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру деңгейінің төмендігі және жас оқытушылардың ғылымға тартылуының баяулығы.

Мүмкіндіктер

Шетелдік университеттермен ынтымақтастықты кеңейту, қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларын ашу.

Халықаралық ғылыми гранттар мен жобаларға қатысу, шетелді профессорлар мен сарапшыларды тарту.

Көптілді және ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларын дамыту, цифрлық технологияларды енгізу.

Еңбек нарығында шығыс тілдері мамандарына сұраныстың артуы және шетелдік студенттерді мақсатты тарту.

Практикалық пәндерді кеңейту үшін жаңа зертханалар мен синхронды аударма кабинеттерін іске қосу.

Қауіптер

Білім беру қызметтері нарығындағы бәсекелестіктің күшеюі және талапкерлер санының демографиялық немесе өзге факторларға байланысты азаюы.

Қаржыландырудың тұрақсыздығы мен материалдық ресурстардың шектеулілігі.

Білікті кадрлардың басқа ұйымдарға кетуі және жас ғалымдардың ғылымға баяу келуі.

Академиялық ұтқырлықтың қаржыландыруға тәуелділігі, түлектердің педагогикалық емес салаға ауысуы.

Халықаралық білім беру стандарттары мен нормативтік талаптардың жиі өзгеруі.

ABAI UNIVERSITY
1928
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Назарларыңызға рақмет!

Алматы, 2026